

**8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін PhD докторант Жанар Абуованың
«Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік
негіздеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесші, ҚР ҰҒА корр. мүшесі, м.ғ.д., профессор
Балмуханова Айгуль Владимировнаның
ПІКІРІ**

Көздің құрғау синдромы – соңғы жылдары жиі кездесетін созылмалы аурулардың бірі. Бұл патология әлем бойынша ересек тұрғындардың 18-ден 67% -ға дейін кездеседі. Көздің құрғау синдромы екі негізгі механизммен дамиды: жас түзілуінің төмендеуі және көз жасының булануының жоғарылауы. Бұл аурудың патогенезі көз жасы пленкасының тұрақтылығын бұзу болып табылады. Құрғақ көз синдромы бар науқастарды диагностикасы емдеу мәселесі көптеген жылдар бойы маңыздылығы артуда. Көз жасы қабықшасының тұрақтылығының бұзылуы патологиялық өзгерістердің, соның ішінде қабынудың каскадына әкеледі, нәтижесінде қабынуға қарсы цитокиндер пайда болады.

Жанар Абуованың ғылыми зерттеу жұмысы офтальмофармакология саласына, оның ішінде жаңа дәрілік заттың көз ауруларында қолданылуын экспериментті негіздеуге арналған.

Докторант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізді, тақырыптың өзектілігін негіздеді, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған және ғылыми жаңалығы бар барлық нәтижелерді автор өзі жеке алған. Диссертациядағы ғылыми нәтижелердің, тұжырымдардың, ұсыныстар мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігінің жоғары деңгейі қазіргі заманғы фармакологиялық, гистологиялық, офтальмологиялық және иммунологиялық талдау әдістерін қолдану, зерттеулерді сауатты жоспарлау, жеткілікті және сенімді эксперименттік материалдар, көрнекі иллюстрациялар мен кестелік мәліметтер, эксперименттік жұмыстар нәтижелерін статистикалық өңдеу арқылы расталды.

Диссертант көзге арналған дәрілердің (көзге арналған жақпа май, көзге арналған тамшылар түрлері, көзге арналған эмульсия) фармацевтикалық жасалуы, фармакологиялық зерттеулерін жүргізді. Жаңа дәрілердің микробқа қарсы әсерлерін сериялық сұйылту және диск диффузиялық әдістерімен жасады. Жаңа фитопрепараттардың цитоуыттылығын, көзге жергілікті тітіркендіруші және көз ішілік қысым деңгейіне әсерлерін зерттеді. Экспериментте көздің құрғау синдромының модельдерін жасап, жаңадан жасалған көзге арналған эмульсияның терапиялық әсерін дәлелдеді. Көздің құрғау синдромы кезіндегі цитокиндік профиль бұзылыстарын анықтады. Қабыну алды және қабынулық интерлейкиндердің өзгерістері ИФА әдісімен жасалды. Нәтижесінде авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы авторлық

куәлік алды: Анализ уровня интерлейкинов при моделированном синдроме «сухого глаза» экспериментальных животных после лечения новым инновационным препаратом из сафлоры (*Carthamus tinctorius L.*) №26659 от 31.05.2022 г.

Абуова Ж.Б. диссертациялық жұмысының ғылымға елеулі үлесін қосқанын алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бойынша өндіріс орындарына және оқу процесіне енгізуімен расталды: Нәтижелердің сенімділігі «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ ұсынылған өндіріске енгізу актілерімен және М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің фармакология және офтальмология кафедрасында, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің клиникалық фармакология кафедрасының оқу процесіне енгізу актілері бар.

Нақтыланған ғылыми нәтижелер ғылыми мақала ретінде жарияланған («Study of Component Composition and Antimicrobial Activity of the ophthalmic emulsion based on the safflower flowers (*Carthamus tinctorius L.*)» International Journal of Microbiology. Scopus (процентиль – 52).

Абуова Жанар Болатбековнаның «Офтальмологияда жаңа дәрілік затты қолдануды эксперименттік негіздеу» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясы ғылыми жаңалығымен, тәжірибелік құндылығымен ерекшелене отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған талаптарға сәйкес болуына орай 8D10103 – «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылуға лайықты.

**Отандық ғылыми кеңесші,
ҚР ҰҒА корр.мүшесі,
м.ғ.д., профессор**



Балмуханова А.В.

*Балмуханова А.В. заберево
Вед.член.РЧР Балмуханова А.В.*